

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылының Совхозная көшесін Достық көшесіне қайта атау туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 23 сәуірдегі № 7 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 26 сәуірде № 7349 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14- бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2 тармағына, Сырымбет халқының пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысы ономастикалық комиссиясының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы қорытындысы негізінде, Сырымбет ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушы ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылдық округі Сырымбет ауылының Совхозная көшесінің атауы Достық көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сырымбет ауылдық округі әкімінің
міндетін атқарушы*

Д. Сулейменов